

**«СҚО әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ
«Жамбыл аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК мемлекеттік органдар
мен ұйымдардың басшыларына қызметкерлерден сыбайлас жемқорлық
құқық бұзушылық туралы хабарлама келіп түскен кездегі іс-қимыл
алгоритмі және оны қорғау мәселелері бойынша әдістемелік
ұсыныстарды түсіндіру және оқыту жөніндегі тоқсан сайынғы іс-
шараларды өткізу хаттамасы.**

Пресновка а.

16.02.2026 жыл

Өткізілетін жері: Пресновка а.

Өткізілетін уақыты: сағат 12:00

Өткізілетін орны: Акт залы

Төрағалық еткен: Сүйіндікова Е.Ғ стратегиялық даму жөніндегі
директордың орынбасары

Отырыстың хатшысы Мүсетаева Қ. Ә. – «Жамбыл аудандық
ауруханасы» ШЖҚ КМК

Қатысушылар: «Жамбыл аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК ұжымы

Күн тәртібі:

1.Түсіндіру және оқыту іс-шараларын өткізудің мақсаты мен міндеттері
2.Жамбыл аудандық ауруханасында сыбайлас жемқорлық құқық
бұзушылық туралы хабарлама келіп түскен кезде басшының әрекет ету
алгоритмі.

3.Сыбайлас жемқорлық қылмысы туралы ақпарат берген адамдарды
қорғау жолдары

Міндеттер:

- Жамбыл аудандық ауруханасында сыбайлас жемқорлық құқық
бұзушылық туралы хабарлама келіп түскен кезде басшының іс-әрекет
алгоритмін түсіндіру;

- Аурухана қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық құқық
бұзушылық туралы хабарлаған тұлғаларды қорғау тетіктерімен
қызметкерлерді таныстыру;

-Қызметкерлерді Әдістемелік ұсыныстармен таныстыру.

Іс-шараның барысы:

С докладом выступила и.о. заместителя директора по ПСМП
Суюндикова Е.Г., которая провела разъяснительное и обучающее
мероприятие по вопросам применения Методических рекомендаций для
руководителей государственных органов и организаций по алгоритму
действий при поступлении сообщения от работника о коррупционном
правонарушении и обеспечению его защиты.

Мемлекеттік органдар мен ұйымдар басшыларына қызметкерден
сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлама келіп түскен
кездегі іс-қимыл алгоритмі және оны қорғауды қамтамасыз ету бойынша

Әдістемелік ұсыныстарды қолдану мәселелері бойынша түсіндіру және оқыту іс-шарасын өткізген стратегиялық даму жөніндегі директордың орынбасары Е.Ғ. Сүйіндікова баяндама жасады.

Баяндама кезінде айтылды:

- Квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтаудағы ерекше жауапкершілігі;
- Этика кодексін, ішкі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты сақтаудың және мүдделер қақтығысына жол бермеудің маңыздылығы;
- Қарамағындағы медициналық ұйымдар көрсететін мемлекеттік қызметтер сапасын арттыру қажеттілігі;

Басшылардың жауапкершілігі

Бөлімшелердің басшылары мен медицина мамандары өз жұмысы саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді бақылауды ұйымдастыруға жауапты болады. Сеніп тапсырылған бөлімшенің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыруды қамтамасыз етпеуі тәртіптік шараларға әкеп соғуы мүмкін.

2025 жылдың қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асырудың тиімділігіне бағалау жүргізіледі, оның нәтижесі аурухананың одан арғы тәжірибесіндегі өзгерістер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар мен жоспарларды түзету болады.

Өздеріңіз білетіндей, бізде интернет-ресурста «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» арнайы бөлім құрылған.

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ереже,
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ішкі саясаты,
- Мүдделер қақтығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты,
- Аникоррупциялық стандарт,
- Квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлерін фактілер немесе ықтимал бұзушылықтар туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін этика және жүргізу кодексі мен құжаттар.

Осы ішкі құжаттардың барлығымен Сіз Кәсіпорынның сайтындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың арнайы бөлімінен таныса аласыз.

Қорытынды:

- 2026 жылға арналған аға медицина қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар бойынша қызметкерлер арасында қайта нұсқау беру.
- Әсіресе жұмысқа қабылдау және міндеттерді бөлу кезінде мүдделер қақтығысына жол бермеуге ішкі бақылауды күшейту.
- Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыру жөнінде жұмыс жүргізу, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдармен қарым-қатынас жасау дағдыларын үйрету.
- Келесі іс-шара 2026 жылдың II тоқсанына жоспарланған.

«Жамбыл аудандық
ауруханасы» ШЖҚ КМК
директоры



Қашағанова Б.Т.